



ФОНД ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН - ЕЛБАСЫ

**«ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ДАМУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ»  
ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ XIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ  
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ XIII МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ  
«ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ И ВОСТРЕБОВАННОСТЬ  
НАУКИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ»**

**MATERIALS OF THE XIII INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND  
PRACTICAL CONFERENCE OF YOUNG SCIENTISTS  
«INNOVATIVE DEVELOPMENT AND THE REQUIREMENT  
OF SCIENCE IN MODERN KAZAKHSTAN»**

**II ТОМ**

Тараз, 2019

**«ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
ҒЫЛЫМНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ»  
ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ XIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ  
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ XIII МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ  
«ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ И ВОСТРЕБОВАННОСТЬ  
НАУКИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНЕ»**

**MATERIALS OF THE XIII INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND  
PRACTICAL CONFERENCE OF YOUNG SCIENTISTS  
«INNOVATIVE DEVELOPMENT AND THE REQUIREMENT OF  
SCIENCE IN MODERN KAZAKHSTAN»**

**II том**

**Тараз, 2019**

**Редакция алқасының төрағасы:**

**М.Н. Сарыбеков** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ректоры.

**С.Т. Тохтаров** – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының Алматы қаласы бойынша өкілдігінің директоры

**Редакция алқасының мүшелері:**

**Г.С. Абдирайымова** – әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыстар» кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры жанындағы ғылым жөніндегі Кеңес төрайымы;

**С.А. Жапаров** – медицина ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры жанындағы ғылым жөніндегі Кеңес төрағасының орынбасары;

**Ж.А. Темірбекова** – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Еуразия технологиялық университетінің ректоры, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры жанындағы ғылым жөніндегі Кеңес мүшесі;

**М.А. Ахметжанов** – физика-математика ғылымдарының кандидаты, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің Ғылым және технологияларды коммерцияландыру басқармасының басшысы;

**Ж.Н. Молдамұратов** – PhD, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті жас ғалымдар Кеңесінің төрағасы, «Құрылыс және материалдар өндіру» кафедрасының меңгерушісі;

**Н.Ж. Жоламанов** – PhD докторант, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Патенттер және метрология» секторының меңгерушісі.

**«Қазіргі Қазақстандағы инновациялық даму және ғылымның қажеттілігі»** жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы материалдарының жинағы: II том. **«Инновационное развитие и востребованность науки в современном Казахстане»** сборник материалов XIII Международной научной конференции молодых ученых: том II. – Тараз университеті, 2019. – 434 с.

ISBN 978-601-7300-77-7

Бұл жинаққа 2019 жылдың 7-8 қарашасында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры мен М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті бірлесе өткізген **«Қазіргі Қазақстандағы инновациялық даму және ғылымның қажеттілігі»** атты XIII Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары енгізілген.

Жинақ қазіргі қоғамның даму проблемаларына қызығушылық танытатын жоғары оқу орындарының оқытушыларына, жас ғалымдарға, зерттеушілерге, докторанттарға, магистранттарға және студенттерге, сондай-ақ орталық және жергілікті басқару органдарының өкілдеріне ұсынылады.

Мақала мазмұнына автор жауапты.

В сборник вошли статьи, представленные на XIII международной научной конференции **«Инновационное развитие и востребованность науки в современном Казахстане»**, которая была проведена 7-8 ноября 2019 года Фондом Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы совместно с Таразским государственным университетом имени М.Х. Дулати.

Сборник рекомендован преподавателям вузов, молодым ученым, исследователям, докторантам, магистрантам и студентам, а также представителям центральных и местных органов управления, интересующимся проблемами развития современного общества.

За содержание статьи ответственность несет автор.

КБЖ 74.58

ISBN 978-601-7300-77-7

<b>Umbetov U.U., Omirbayuly D.</b> EVALUATING THE EFFECTIVENESS OF INFORMATION MEASURING SYSTEMS SALT FORMATION.....	415
<b>Динара С.</b> ҰЙЫМДЫҚ МӘДЕНИЕТ НӘТИЖЕСІНДЕ КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ.....	418
<b>Ахметжанов М.А., Тоқтанаева Қ.С., Дуйсебаева Г.К.</b> БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ .....	421
<b>Акимбаев А.А.</b> ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДСІНДЕГІ ОҚЫТУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ.....	425
<b>Таукелова Т.Б., Амантаева Д.Б.</b> ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ МЕХАНИЗМДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	427
<b>Рагова А.Б.</b> ФИЗИКА САБАҒЫНДА БІЛІМгерлердің ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ.....	430

## ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІ МЕХАНИЗМДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Таукелова Т.Б., Амантаева Д.Б.**  
*әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы*

Әлеуметтік қорғау ұғымы үнемі айтылып жүрген ұғым болып табылады. «Әлеуметтік қорғау» терминінің табиғатына келер болсақ, «АҚШ-тың әлеуметтік қорғау туралы заңда» алғаш рет пайдаланылғаны белгілі, бұл заң жүзінде осы ел үшін қарттық пен өлім, мүгедектік пен жұмыссыздық жағдайындағы жаңа міндетті сақтандыру институтын қалыптастырды. Халықты әлеуметтік қорғау- әлеуметтік саланың бір бөлігі ретінде әлеуметтік бағыттағы ерекшеліктерге ие және негізгі қасиеттерінің бірі – маман мен клиент арасындағы әлеуметтік іс-әрекет пен интеракция процесінің сипаты болып табылатыны белгілі. Қоғамдық өмірдің дербес әлеуметтік салаларының бірі ретінде халықты әлеуметтік қорғауды бөлу заңды құбылыс, өйткені бұл жалпы қабылданған өлшемге – әлеуметтік қорғауды жүзеге асыру кезінде қалыптасатын қызметтің белгілі бір түрі мен қоғамдық қатынастардың ерекшелігіне байланысты екендігі бәрімізге мәлім. Өйткені, әлеуметтік қорғау жүйесінің жұмыс істеу тиімділігінің шарттарын айқындайтын болсақ, әлеуметтік қорғаудың мәдени және әлеуметтік үйлесімділігі, әлеуметтік қорғау жүйесінің қоғамның әлеуметтік міндеттері мен нақты мүмкіндіктеріне барабарлығы, қоғамның халықты әлеуметтік қорғау жүйесін іске асыруға дайындығын айтсақ болады. «Халықты әлеуметтік қорғау жүйесі» ұғымының базалық элементтерін анықтау кезінде кейбір авторлар әлеуметтік қорғау жүйесі оның объектісінде, басқалары – субъектіде, үшіншісі – әлеуметтік қорғау әдістерінде, төртіншісі – әлеуметтік қорғау деңгейінде, бесіншісі – әлеуметтік қорғау мақсатында деп акцент жасайды. Ресейлік ғалым З. П. Замараева өз еңбегінде «әлеуметтік қорғаудың теориялық аспектілері зерттелген еңбектер әлі де жоқ»- деп жазды [1]. Әлеуметтік қорғау жүйесі өмірлік қиын жағдайға душар болған мұқтаж жандарға қолдау көрсету және көмек көрсету болып табылады. Осы тәсіл шеңберінде әлеуметтік қорғаудың негізгі нысандары мыналар:

- әлеуметтік қолдау;
- әлеуметтік көмек;
- әлеуметтік қызмет көрсету;
- әлеуметтік сақтандыру.

Енді әлеуметтік қорғаудың неге бағытталғандығын талдар болсақ, біріншіден, халықты әлеуметтік қорғау әлеуметтік-экономикалық реформалардың теріс салдарларын жеңілдетуге немесе болдырмауға бағытталған мемлекеттік функцияларды орындау жөніндегі әлеуметтік саясаттың бір бөлігі болып табылатын және халықты әлеуметтік қорғау жүйесі шеңберінде іске асырылатын жүйе екендігі бәрімізге белгілі. Екіншіден, халықты әлеуметтік қорғау жүйесі ерекше әлеуметтік сала-халыққа жеке тәсіл негізінде мемлекеттік қызмет көрсететін әлеуметтік қызметінің шеңберінде іске асырылатын нормативтік-әдістемелік, ұйымдастырушылық - материалдық ресурстардың жиынтығы ретінде көрініс береді. Үшіншіден, халықты әлеуметтік қорғаудың міндеттерін, бағыттары мен нысандарын орындауы бойынша әлеуметтік жұмыс болып табылады.

Қазіргі заманғы міндеттерді негізге ала отырып, әлеуметтік қорғау жүйесі ең алдымен осал әлеуметтік топтар мен жеке индивидтерді деструктивті әлеуметтік процестерден қорғауға және сонымен бір мезгілде еңбек белсенділігі мен әлеуметтік оңалту арқылы аз қамтамасыз етілгендерді әлеуметтік қорғауға бағытталған. Бұған дейін әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі мәртебесіне ие болған ол: зейнетақы,

жұмыссыздық бойынша жәрдемақы, көп балалы отбасыларға жәрдемақы, бала күтімі бойынша жәрдемақы; қарт адамдарға, мүгедектерге, өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарға түрлі әлеуметтік қызмет көрсету; аз қамтылған және бір жолғы немесе қысқа мерзімді әлеуметтік көмек көрсету екендігін халықтың санасына жеткізумен келеді. Қазіргі уақытта халықты әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік жүйесінің негізгі бағыттары мыналарға көзделгені белгілі: - өмірдің қиын жағдайына душар болған адамға әлеуметтік қызмет көрсету, - мұқтаждығына және өзін-өзі қамтамасыз ету мүмкіндігі жоқтығына байланысты әлеуметтік қолдау көрсету және көмек беру; - сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру жарналарының өтелуін қамтамасыз ететін әлеуметтік сақтандыру.

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының мақсаты- халықтың игілікке қол жеткізуі, әл-ауқатын арттыру. Адамдық капитал – Қазақстан Республикасындағы басты стратегиялық міндеттердің бірі. Себебі, «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» - деп жазылған [2]. Конституцияда аталғандай, әлеуметтік мемлекет ретінде қалыптаса отырып, елдің, дені сау ұрпақ тәрбиелеу, кедейшілікті жою, халықтың әлсіз топтарына әлеуметтік көмек көрсету, жалпы алғанда халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру – мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі ретінде толыққанды шешілуді талап етеді. Адамзат баласы қашан да қоғамдық-әлеуметтік өмірді жаңарту, жаңғырту, жоғары деңгейдегі экономикалық жетістіктерге жетуде негізгі рөл атқарып келеді. Қоғамда өмір сүретін барлық қабаттар мен әлеуметтік топтардың өмір сүру деңгейін үнемі жақсартып отыру кез-келген мемлекеттің жүргізіп отырған әлеуметтік саясатының басты басымдықтарына айналған.

Әлеуметтік қорғау мәселелеріне 1970 жылдардың аяғы және 1980 жылдардың басында назар аударыла бастады, мұнда әлеуметтік саясат пен әлеуметтік қорғау әлеуметтік мемлекет теориясының маңызды элементтері ретінде қарастырылды. Соған қарамастан, нарық талаптарына сай келетін әлеуметтік қорғау жүйесі және кедейшілікпен күресу жолдарын жетілдіру және әлеуметтік қорғау салаларының барлық аспектілерін одан әрі зерттеулерді талап етеді.

Қазіргі таңда ғылыми-техникалық жеделдетілген заманда бірде-бір экономикалық жүйе адамның шығармашылық, инновациялық әлеуетін пайдаланбай-ақ экономикалық өсуді қамтамасыз ете алмайды, олай болса, адамдық фактор қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында шешуші рөл атқаратыны белгілі. Бұл мемлекеттің әлеуметтік саясатты жасау және жүзеге асыру арқылы әлеуметтік-экономикалық үдерістерге араласу қажеттілігін айқындап отыр. Біздің пікірімізше, мемлекет осы әлеуметтік қорғау жүйесін, басқару мен реттеуді өз қолына алғаны игі болар еді.

Әлеуметтік қорғаудың зерттеу объектісінің теориялық-әдіснамалық негізін нақтылау үшін әдіснамалық сипаттағы бірқатар ережелерді тұжырымдағанымыз жөн болатын шығар. Әлеуметтік қорғаудың теориялық-әдіснамалық негізін қарастыратын уақыт жеткен сияқты. Әлеуметтік қорғау – бұл өмірлік қажеті бар игіліктердің белгілі бір деңгейін, қарттық, денсаулық жағдайына, асыраушысынан немесе жұмысынан айырылуына және басқа да заңды негіздерге байланысты экономикалық белсенділік көрсете алмайтын және тиісті ақы төленетін еңбекке қатысу арқылы өзін қамтамасыз ете алмайтын азаматтарға белгілі бір жақсы тұрмыс деңгейін қамтамасыз ету шараларының жүйесі деп айтсақ та болады.

Әлеуметтік қорғау мемлекеттің халықаралық және ұлттық нормалар негізінде адамның әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі аса маңызды міндеті. Демократиялық қоғамның заңнамасында әлеуметтік қорғау саласында жұмыспен қамтылу және еңбек үшін сыйақы алу, демалу, жасының ұлғаюына байланысты, мүгедектігі мен жұмыссыздығына байланысты, асыраушысынан айырылғанда әлеуметтік қамсыздандырылу, балаларды тәрбиелеу, білім алу, денсаулығын сақтау,

мәдени өмірге қатысу құқықтары, тұрғын үйге құқықтары бар. Әлеуметтік көзқарас тұрғысынан, «әлеуметтік қорғау» - бұл әлеуметтік дезинтеграция және ауруына байланысты, еңбекке қабілеттілігі мен жұмыс орнын жоғалту қауіптері бар әлеуметтік кедергілердің қолайсыз әсерінен азаматтардың әлеуметтік жағдайларын қорғауға қажетті шарттарды жасайтын қатынастар жиынтығы деп айтсақ та болады.

Әлеуметтік қорғау - бұл әлдебір жағдайларға (кәрілік, мүгедектік, денсаулық жағдайы, асыраушысынан немесе жұмысынан айрылуы) және өзге де заңды негіздерге байланысты экономикалық белсенді бола алмайтын әрі лайықты ақы төленетін еңбекке қатысу жолымен өзін табыспен қамтамасыз ете алмайтын азаматтар үшін өмірлік қажетті игіліктердің және әл-ауқаттың белгілі бір деңгейін қамтамасыз етуге арналған жүйе. Бұл жүйенің халықтың әр санаттағы адамдарына тұрақты, ақылы еңбекке ынталандыру, негізгі әлеуметтік қатерлердің алдын алу, ал ол туындаған жағдайда әлеуметтік сақтандыру тәсілдері арқылы сол қатердің салдарынан айрылған табысының бір бөлігін қалпына келтіру, халықтың әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатыспайтын әлсіз топтарына арналған әлеуметтік көмек тәсілдері, азаматтардың білім және медициналық көмек сияқты негізгі құқықтар мен қызметтерге қол жетімді болуын қамтамасыз ету осы жүйенің басты мақсаты екендігін рас.

Қазіргі әлеуметтік қорғау жүйесінде толық ынтымақтастық және мемлекеттік институттардың қатысу деңгейі басым да, ынталандыру деңгейі төмен екендігін халықтың әлеуметтік қорғалмауынан көріп жүрміз.

Мүгедектігіне, асыраушысынан айрылуына байланысты, жұмыссыздығы мен жасы бойынша әлеуметтік қорғау жүйесі толық ынтымақтастық қағидатына негізделген. Қазіргі әлеуметтік қорғау жүйесінің кемшіліктерін атап өтсек, мүмкін сын түзелмей, мін түзелмейді дегендей, түзелер деген үмітпен күтеміз. Олар: әлеуметтік көмек туралы заңнамалар мен нормативті-құқықтық негіздері - әлеуметтік қатерлер мен төлемдерге негізделмей, төлемдер түрлері бойынша жасалуында;

Әділсіз және ынталандыру деңгейі төмен - әлеуметтік жәрдемақылар алу құқығын іске асыру кезінде салықты төлеп, азаматтық борышын атқарып жүрген еңбеккерлердің салық аудармайтындардың алдында артықшылығының болмауы; ауыл-аймақтар мен өңірлердің шалғайлығы.

Айқындылықтың жеткіліксіздігі - әлеуметтік төлемдерді алу процесін қадағалауға арналған дербес сәйкестендіру жүйесінің қалыптасу сатысында болуы. Жаңа жүйе адам өмірде тап болуы мүмкін негізгі қатерлерден халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге арналған ынтымақты және дербестендірілген жүйелердің, міндетті және ерікті сақтандырудың элементтерін қамтитын аралас жүйе болады.

Әлеуметтік қорғаудың жаңа жүйесінің негізгі мақсаттары мен міндеттері экономикалық өсуді қолдау элементтерін қамтуы, қатерлі жағдайлар туындаған кезде барлық азаматтарға қорғау көрсетуде әділ болуы; тиімді жұмыс істеуі және халықты неғұрлым толық қамтуы тиіс.

Әлеуметтік саланы реттейтін заңнама әлеуметтік қатерлердің негізінде қалыптастырылады. Әлеуметтік қорғаудың іске асыруға ұсынылып отырған жүйесі: әділ - әлеуметтік қорғау құқығын іске асыру алушылар үшін жеңіл, қол жетерлік болуы тиіс. Мемлекет кепілдік берген ең төменгі жәрдемақылар көлемі бірдей әлеуметтік қатер туындаған кезде еңбек өтілі мен жалақысына байланыссыз төлемдердің кең деңгейін ұсынуы тиіс. Сонымен бір мезгілде, қосымша қорғау деңгейі әрбір нақты адамның қатысуының ұзақтығы мен мөлшеріне байланысты болуы керек; халықтың әр түрлі топтарының арасында мемлекетке тәуелділігін емес, оның жеке жауапкершілігін ынталандыруымыз тиіс, жәрдемақылар атаулы болуы тиіс, яғни оны алуға құқығы бар және мұқтаж жандарға берілуі керектігін нақтылап айтқымыз келеді. Сонымен қатар, жас отбасыларға әлеуметтік көмек ретінде олардың қадам басқандарына да көмек көрсетсек, ажырасулар тым аз болар еді.

Бұл жүйенің тиімді, ашық және жақсы басқарылатын, шығыны аз және қарапайым болуды қажет етеміз. Жүйенің негізгі компоненттерінің икемді реттелуіне басты назар аударуымыз қажет; оның қол жетімділігі, яғни белгілі бір мерзім ішінде халықтың барынша толық қамтылуын қамтамасыз етуі тиіс.

Осы айтылғандарды ескере отырып, әлеуметтік қатерлер негізінде қорғаудың мынадай элементтерін қамтитын әлеуметтік қорғау жүйесін ұйымдастыру көзделіп отырғандығы белгілі.

Елдің ерекшелігін, оның ішінде, халықтың қырық сегіз процентіне дейін ауылдық жерлерде тұратынын ескере отырып, әлеуметтік қорғау жүйесінің ұйымдастыру негізін қараған кезде мемлекеттік және сол сияқты жеке меншік институттардың мүмкіндіктерін тиімді пайдаланылатын аралас жүйеге артықшылық берілуі тиіс.

#### **Әдебиеттер:**

1. Замараева З.П. Социальное защита. Учебное пособие. Пермь гос. Университет. Пермь. 2009. -244 ст
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. А. 1995.
3. Г.Н. Абдикаликова, А.М. Курманов. Социальная защита населения в условиях демографических изменений в Республике Казахстан. Астана, 2010, -356ст
4. Антропов В.В. Экономические модели социальной защиты населения в государствах ЕС. М. 2007.
5. Е. И. Холостова, И. В. Малофеев. Система социального обслуживания населения: исторический экскурс и современный взгляд. Москва издательско-торговая корпорация «дашков и к°» 201
6. КОНЧУГОВ А. Социальное обеспечение и социальная защита: некоторые вопросы теории и практики. Журнал Власть 2017 г №2

ӘОЖ: 323(574):37.013.8

## **ФИЗИКА САБАҒЫНДА БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ**

**Ратова А.Б.,**

*физика және информатика пәндерінің оқытушысы*

Физика пәнін оқытуда интерактивті әдіс-тәсілдерді пайдаланудың басты мақсаты – оқушыларға білім беру үрдісінде көмектесу. Оған: оқыту бағдарламалары, оқытуда қолдануға арналған арнайы электрондық оқулықтар, тексеру бағдарламалары мен тестік, өзіндік жұмыстар ерекше орын алады.

Физика – оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және дамытатын негізгі буын. Оқушылардың санасында физика пәні адам мен техника және табиғат туралы біртұтастық түсінік қалыптастырып, өзінің маңызды міндеттерін атқаруда. Ол оқушылардың интеллектін, логикалық ойлауын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғат заңдылықтарын толығымен түсінуге ықпал жасайды. Оның мақсаты – жаңа ақпараттық дамыған қоғамда оқушыларды белсенді шығармашылық іс-әрекетке дайындау. Бұл мақсатқа жету үшін жаңа ақпараттық технологияларды сабақ беру үрдісіне енгізу қажет.

Жалпы физика сабақтарын мынадай 4 топқа бөлуге болады:

- *жаңа тақырыпты меңгерту сабағы;*
- *жаңа тақырыпты бекіту сабағы;*
- *оқушылардың алған білімдерін қолдана білуге үйрететін сабақтар;*